

№ D00064 19.08.2021 ж

Қазақстан барысы

РАХЫШЕВ ДАНИЯР ТОЛЕНБАЕВИЧ

Түркістан қаласы ТООАӘДБ «Тілінде ауыр кемістігі
бар балаларға арналған облыстық арнайы
мектеп-интернат» КММ – нің тәрбиешісі

Мақсаты: Болашаққа сеніммен қадам басқан халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғыларын оқушылардың бойына сіңіру, батыл, намысты ұлдарды тәрбиелеу. Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру. Өз елін, жерін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу біздің мақсатымыз. Болашақта «Қазақстан барысы» атанатын, ағаларының жолын қуатын ұрпақты дайындау.

Әдіс-тәсілдер: жағдаят ойын түрі, күштерін сынау, мергендік, көрнекілік, топпен

жұмыс, жұппен жұмыс, өзін-өзі оқыту.

Сабақтың түрі: Сайыс сабақ

Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: тақырып жазылған плакат, шарлар, асық, кір тасы т.б.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыларды түгендеу

2. Сайысты бастауға жаттықтыру

Психологиялық дайындық: ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, көңіл-күйлерін көтеру.

1 жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті оқушылар, ұстаздар, қонақтар! Сіздер бүгін 5

сынып оқушыларының «Қазақстан барысы» атты сайыс сабағына қош келдіңіздер. Болашақта Қазақстанның барысы атанатын жас жеткіншек ұрпақтың қолында. Жастайынан яғни мектеп қабырғасынан басталған еңбек түбінде жемісін берері сөзсіз.

Уа, халайық, халайық,

Мұнда назар салайық

Ата жолын жалғамақ,

Ел дәстүрін қорғамақ.

Жігіттер шықсын ортаға,

Бүгін барыс атанбақ - дей келе сайысқа түсетін жігіттерімізді қол соғып қарсы алайық. «Барыс» тобынан құралған 5(ә) сынып оқушылары: Ердәулет, Мадяр, Нұрсұлтан, Фазлиддин. «Ер жүрек» тобынан құралған 5(а) сынып оқушылары: Нұрзат, Жәнібек, Әділет, Нұрасыл. «Алғырлар» тобынан құралған 5 (б) сынып оқушылары: Умитжан, Имран, Шавгар,

2 жүргізуші: Бүгін міне 5 сынып оқушылары өз өнерлерін, мықтылығын, батылдығын көрсетпек. Сайысымызды бастамас бұрын, бүгінгі сайысымызды саралап, таразылап жігіттеріміздің өнерін тамашалап, әділ бағасын беретін әділқазылар алқасымен танысайық.

Оқу ісі жөніндегі директор орынбасары: Кулумбетова К апай

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Кыстаубаева Б апай

Әдіс бірлестік жетекшісі: Бейсенбаева Д апай

1 жүргізуші: Бүгінгі сайыс сабақтың бөлімдері:

1-бөлім: Таныстыру

2-бөлім: Қол күрес

3-бөлім: Асық ату

4-бөлім: Өз өнері

5-бөлім: Салмақ тасын (Гантель) көтеру

6-бөлім: Бата беру

2 жүргізуші: 1.Таныстыру.

Ақыл - көрік бойларында жетеді,

Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған баршыңызды өзімен

Тез арада таныстырып өтеді — деп, сайысымыздың бірінші бөлімі

«Таныстыру»

деп аталады. Сайысқа қатысушылар өздерінің тобымен және ұрандарымен таныстырып өтеді.

Өнер қуып жігіттер өтер деймін,

Бір басына өнері жетер деймін.

Бәсекеге түскен он екі жігіт кезектесіп,

Таныстырып өздерін өтер деймін.

1. «Барыс» тобы

2. «Ер жүрек» тобы

3. «Алғырлар» тобы

1 жүргізуші: 2. «Қол күрес»

Әй, ер жігіт, ер жігіт,

Ей, өр жігіт, өр жігіт.

Атыңа ерік бер, жігіт.

Күшіңді көрсет, ер жігіт! – дей отырып, сайысымыздың «Ақылына күші сай» деп аталатын «Қол күрес» бөлімін бастаймыз.

Бұл бөлімде жігіттердің мықтылығын анықтау мақсатында «Қол күресі» өткізіледі. Әр топтан бір баладан шығып күш сынасады.

2 жүргізуші: 3. «Асық ату»

Би болатын Жігіттің,

Төбеде болар жұмысы.

Мерген болар Жігіттің,

Мергендік болар жұмысы – дегендей ендігі кезекті жігіттеріміздің мергендігін сынау мақсатында «Құралайды көзге атқан» Асық ату бөліміне береміз. Әр топтан бір баладан шығып асық атып мергендігін көрсетеді.

Ереже: Бес табан. Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (бастай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.

1 жүргізуші: Өз өнері

Өнерің барда жігіттер,

Тоқталып сірә, іркілме.

Жұрт қарасын қызығы,

«Бәрекелді?» деп шіркінге, - дей отырып, сайысымыздың «Өз өнері» бөліміне де келіп жеттік. ендеше ортаға өз өнерлерімен жігіттерді шақырамыз. Жігіттер өз өнерлерін көрсетеді.

2 жүргізуші: 5. Салмақ тасын (Гантель) көтеру

Ата-бабаларымыздың ұлан асыр жерімізді білектің күші, найзаның ұшымен талай жаудан қорғап қалғаны мәлім. Ал, енді біздің бүгінгі жігіттеріміздің ел қорғауға қаншалықты әзір екенін көрелік. Ортаға салмақ тасын көтеруге батырларды шақырамыз.

1 жүргізуші: 6. Бата беру

Қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрінің бірі – бата-тілек білдіру. «Сөз арқылы жаратушыға жалынып, жалбарынып ықпал етуге болады деп түсінген ата-бабаларымыз. «Жаңбырменен жер көгереді, батамен ер көгереді», «Баталы күл арымаз» - деген ой-пікірді уағыздап, кейінгі ұрпағына ықылас білдіріп, ақ ниеттен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Батагөй батырларды ортаға шақырамыз.

2 жүргізуші:

Достарым, түсініңдер сөздің парқын,

Әр кезде бола берсін жүздер жарқын.

Мәңілік жоғарылап жұлдыздарың,

Шаттыққа бөлендер қазақ халқын деп бүгінгі «Қазақстан барысы» сайысымыз да аяқталып келеді.

Енді сөз кезегін әділ қазыларға береміз.

Әділқазылар әділ бағасын береді және оқушыларды марапаттайды.

Қорытынды:

- Балалар, осымен саты бойынша сайыс сабағымыз аяқталды.

- Сайыс сендерге ұнады ма?

Олай болса, бүгінгі сабағымыздың қорытынды кезеңіне де, келіп жеттік.

Сабағымызды қорытындылай келе намысты ұрпақты тәрбиелеу ұстаздың қолында екені даусыз. Балалар маған да бүгінгі сабақта сендердің жемісті еңбек еткендерін өте ұнады. Сендерге сыйлық ретінде мақтау қағазын беремін.

Болашақта Қазақстан Республикасының танымал «Қазақстан барысы» болатындарыңа сенемін.

Назарларыңызға рахмет!

№ D00065 20.08.2021 ж.

Көкіністер және жемістер –ең жақсы тағамдар!

ОСПАНОВА НУРГУЛЬ БАЯХМЕТОВНА

ШҚО ББ Аягөз аудандық білім бөлімінің "Аягөз қалалық №5 бөбекжай - балабақшасы" КМКҚ Тәрбиеші

«Таным » білім беру саласы жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Мақсаты:Балалардың көкөністер мен жемістер туралы білімдерін бекіту; олады топтауға, дұрыс атау және айыра білуге үйрету

Дидактикалық құралдар: Муляждар

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің басқарымдық қызметі	Балалардың іс-әрекеті
I кезең-мотивациялық-қозғаушы	Шеңберге тұрайық, Амандықты сұрайық Қолымызды алысып Басымызды иейік Бақшашы сыйлықпен келді	Бірігіп айтып, амандасады Бақшашыны қарсы алады
II кезең-ұйымдастырушылық ізденушілік	Көркем сөз: Апорт деген алма бар Жер жаратын атағы Ондай алма қайда бар Алматы оның Отаны Сұрақ-жауап: -Дәрумендер деген не? -Дәрумендер қандай тамақтарда,қандай жеміс,көкөністердерде болады? -Қандай пайдасы бар? -Сендер қандай тамақтарды жақсы көресіңдер? Суретпен жұмыс: Жемістер,көкөністердің суреттерін көрсету. Олардың пайдасын әңгімелеп,	Тақпақты мұқият тыңдайды Сұрақтарға ойланып жауап береді Суретпен әңгімелеп үйренеді, не көріп тұрғандарын атай білу

	<p>дәрумендер алатынымызды түсіндіру. Сергіту сәті Алма кетті домалап, Көше бойын жағалап. Кім алманы табады, Сол ойыннан шығады Балалардың әңгімесі: Өздері білетін бақшада аналары екенен көкөністер туралы әңгімелеу. Ойын: «Кім тез жинап атайды?» Себеттегі көкөністерді атап жүріп жинайды</p> <p>Сүйікті тағамдарыңды атаңдар?</p>	<p>Сөз бен қимылды көрсете алу</p> <p>Толық сөйлем құрап үйрену</p> <p>Ойынды түсіне білу</p> <p>Әңгіме не туралы екенін білу.</p>
<p>III кезең- Рефлексивті- түзеуші</p>	<p>Қорытынды әңгіме: Күзгі бақтан жинағандарымыздың қандай пайдасы бар екен? Тағы қандай тағамдарда дәрумен бар?</p>	<p>Өз ойларын айта білу.</p>

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: Дәрумендер туралы мәлімет алу.

Түсінеді: Жеміс-көкөніс, тағамдардың пайдасын әңгімелеу.

Қолданады: Дәрумендердің пайдасын түсіне біледі



№ D00066 23.08.2021 ж

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

БАТЕКЕНОВА ҚАРАКӨЗ ТАБАРАКОВНА
ШҚО.Катонқарағай ауданы. Өрел ауылындағы
"Балдырған" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.


Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.

Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.



Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы:Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған

орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.




Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



МАЗМҰНЫ

- *РАХЫШЕВ ДАНИЯР ТОЛЕНБАЕВИЧ*
- *ОСПАНОВА НУРГУЛЬ БАЯХМЕТОВНА*
- *БАТЕКЕНОВА ҚАРАКӨЗ ТАБАРАКОВНА*